



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ К.

«__» _____ 2025 ж.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Жобалау алдындағы, жобалау жұмыстарын сатып алу туралы шарттардың жобаларында өнім берушінің тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер және олардың өнім берушілерінің дерекқорына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында (бар болса) мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын көрсетуі туралы талаптар қамтылуға тиіс индустриялық-инновациялық қызметті

1. Терминдерді түсіндіру

1.1. Шартта аталған ұғымдар келесі түсіндірмеге ие болады: 1) «Тапсырыс беруші» - "Қазақстан электр жүйелерін басқару жөніндегі компания" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "Солтүстік жүйеаралық электр тораптары" "KEGOC" Акционерлік қоғамының филиалы тұлғасында; 2) «Мердігер» - тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін және онымен жасалған шартта көрсетілген жұмыстарды орындайтын, жеке немесе заңды тұлға; 3) «Филиал» - "Солтүстік жүйеаралық электр тораптары" "KEGOC" АҚ филиалы тұлғасымен ұсынатын, Тапсырыс берушіге жөндеу мен орындалған жұмысты және объектіні қабылдау-тапсыру және пайдалануға беру процесінде, сонымен қатар Мердігердің жұмыстарды орындауына техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін, өзі жүзеге асыратын құқықтар мен міндеттер берілген Тапсырыс берушілерге арналған оқшауланған бөлімше; (керек болған жағдайда); 4) «Қор» - «Самұрық-Қазына» АҚ; 5) «Холдинг» - Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік-өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілі; 6) «объект» - Филиалдың күрделі әкімшілік инв. №109000012425 ғимараты, ағымдағы жөндеуге жататын және Мердігер шартта көзделген нысан бойынша Тапсырыс берушіге береді; 7) «жер телімі» - объектіні жөндеуге бөлінген аумақ; 8) «шарт бағасы» - мердігер өз тендерлік өтінімде көрсеткен және шартта көзделген белгілі бір шарттарды ескере отырып, тапсырыс берушілер төлемге қабылдаған сома; 9) «Шарт» – Тәртіпке және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғимараттар мен құрылыстарды салуға, басқа да жұмыстарға, сондай-ақ оған барлық қосымшалар мен қосымша шарттарға сәйкес жасалатын Тапсырыс беруше мен Мердігер арасындағы азаматтық-құқықтық шарт; 10) «материалдар» - Мердігер мен Қосалқы мердігер нысанды жөндеу үшін пайдаланатын шығыс материалдары; 11) «техника» - жөндеу жүргізілетін объектінің орнында уақытша орналасқан Мердігер мен Қосалқы мердігердің машиналар жабдықтары мен механизмдері; 12) «жабдық» - шарт бойынша нысанды жөндеу үшін Мердігермен жеткізілетін жабдық; 13) «жұмыстарды орындау мерзімі» - Мердігер объектіні жөндеуді аяқтауға міндетті кезең; 14) «объектіні жөндеуден қабылдау актісі» - объектінің пайдалануға дайындығын растайтын Тапсырыс берушінің, Мердігердің өкілдері қол қойған жазбаша құжат; 15) «кемшіліктер мен ақаулар» - жөндеу процесінде немесе кепілдік мерзімі ішінде жойылуы тиіс кемшілік, ақаулықты, бұзылысты қоса алғанда, шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстың бір бөлігі; 16) «ақауларды жою мерзімі» - шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстың немесе жұмыстың бір бөлігін, оның ішінде жөндеу процесінде немесе кепілдік мерзімі ішінде жойылуы тиіс ақауларды, кемшіліктерді жою кезеңі.

1.2. Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда: 1) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізімі (шартқа № 1 қосымша); 2) Техникалық ерекшелігі (шартқа № 2 қосымша); 3) Нысаны болжам/қызмет көрсетуге/жұмысты орындауға арналған шарттағы ел ішіндегі құн үлесінің нақты есебі (шартқа № 3 қосымша); 4) Мердігер жүргізген жөндеуден электр желісі объектісін қабылдау актінің нысаны (шартқа № 4 қосымша); 5) орындалған жұмыстардың актының нысаны (шартқа № 5 қосымша); 6) жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісі нысаны (шартқа № 6 қосымша); 7) Мердігерлер үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері (шартқа № 7 қосымша); 8) Еңбек қауіпсіздігі туралы ақпарат нысаны (шартқа № 8 қосымша). 9) "KEGOC" АҚ жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі (шартқа №9 қосымша).


2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырысшы Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары негізінде орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Тапсырыс беруші нұсқау береді және ақысын төлейді, ал Мердігер «Филиалдың күрделі әкімшілік инв. №109000012425 ғимаратының қасбеттің» ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар (бұдан әрі - жұмыс) тиісті түрде орындауға міндеттеме алады, оның ішінде: - материалдар мен жабдықтарды жеткізу; - бөлшектеу жұмыстары; - жөндеу жұмыстары; - объектіні тапсыру.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





2.3. Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

3.3. Қосылған құн салығының мөлшерлемесі өзгерген, сондай-ақ ҚР салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда шартқа тиісті түзетулер енгізіледі.

3.4. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

3.4.1. Тапсырыс берушінің орындаған жұмысына ақы төлеу Мердігердің шотына қаражат аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

3.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

3.5.2. Шот-фактура/электрондық шот-фактура.

3.5.3. Жұмыстарды аяқтау туралы электрондық актісі/Жұмыстарды аяқтау туралы қағазды нысанда жасалған актісі

3.6. Шот-фактура/электрондық шот-фактура Тапсырыс берушіге ҚР салық заңнамасында белгіленген мерзімде беріледі.

3.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.8. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3.9. Төлемді кешіктіргені үшін Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босататын шарттар: 1) Орындаушының шот-фактураларды/электрондық шот-фактураларды және/немесе басқа да төлем алдында тапсырылатын құжаттарды кеш ұсынуы; 2) ҚР Салық кодексінің талаптарын және электрондық нысанда ресімделетін шот-фактуралардың жұмыс процесі қағидаларының ережелерін бұза отырып, шот-фактураларды/электрондық шот-фактураларды беру.


3.10. Егер Мердігер шартта талап етілгендей алаңды таза ұстай алмаса, Тапсырыс беруші шығындарды Мердігер есебінен өз мойнына ала отырып, осы жұмысты орындауға құқылы.

3.11. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мынадай түрде төленуге жатады:

3.11.1. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлегені үшін толық жауапты болады, әрі Тапсырыс берушіні Мердігерге жүргізілген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі Мердігерге есептеуі және салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды төлегені үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) .

3.11.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылса, Тапсырыс беруші Мердігерге төлеуге тиесілі сомалар салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады Мердігерге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Мердігерді кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер бастапқы төлем Мердігерге жүзеге асырылған болса, Мердігердің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Мердігердің алдында осындай жолмен ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Мердігерге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.11.3. Мердігер салық есептілігін дұрыс толтырмағандықтан, қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейінгі жағдайда Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.





3.11.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады немесе есептелгенге дейін салықтар есептелсе, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Мердігердің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға алып келген Мердігердің басқа Мердігерлемен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Мердігер өтеген ҚҚС асып кеткен сома не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС-тан асып кеткен жағдайда Мердігерге ҚҚС-ты қайтаруға жаңадан берілген талап және Мердігердің не Мердігерлердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т. б. деңгейлерін жою нәтижесінде бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Мердігерге қайтаруға тиіс, Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарылуын алғаннан кейін ҚҚС-тың бұрын өтелген сомасын Мердігерге 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

4. Жұмыстарды орындау мерзімдері

4.1. Шарт бойынша нысанды жөндеу мерзімі мен ұзақтығы осы шарттың № 1, № 2- қосымшаларында белгіленген.

4.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

4.3. Нысанның жөндеу кестесі жұмысты орындау барысында келесі жағдайларға байланысты жұмысты уақытша тоқтату қажет екені анықталғанда түзетілуі мүмкін:

4.3.1. еңбек қауіпсіздігі талаптарына, жұмыс технологиясына және/немесе басқа да осыған ұқсас жағдайларға сәйкес жұмысты одан әрі орындауға мүмкіндік бермейтін ауа райы жағдайлары;

4.3.2. тапсырыс берушінің нұсқауларымен:

4.3.2.1. Тапсырыс беруші объектінің аумақтарын немесе учаскесін пайдалануға рұқсат бермеген жағдайда, бірнеше Мердігерлер және басқа Мердігерлер үшін тиісті шарттар бойынша жұмыс кестелері жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзіміне теріс әсер етеді;

4.3.2.2. Тапсырыс берушінің өртке қарсы қызмет, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, төтенше жағдайлар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, қоршаған ортаны қорғау және т.б. нұсқамаларына қатысты басқа да нұсқауларымен.

4.4. Жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар жұмысты уақытша тоқтату шешім қабылдауы керек.

4.5. Жөндеу жұмыстарын жүргізу мүмкін емес жағдайлардың туындауын растайтын құжаттар, мыналар болып табылады:

4.5.1. «Казгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорының аумақтық бөлімшелерінің анықтамалары;

4.5.2. Тараптардың, оның ішінде үшінші тұлғалармен хат алмасуы, мемлекеттік органдардың (қызметтердің) бұйрықтары және т.б.

4.6. Жұмыстарды уақытша тоқтатуды Тараптар жұмысты орындау мүмкін емес жағдай туындаған кезден бастап іске қосады. Жұмыстарды уақытша тоқтата тұру туралы акт Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша екі данада жұмыстарды орындау мүмкін емес себептері пайда болған кезден бастап 5 жұмыс күні ішінде негіздеуші құжаттар негізінде жасалады, оған Тапсырыс берушінің және Мердігердің уәкілетті өкілдері қол қояды.

4.7. Жұмыстарды орындауға кедергі келтіретін шарттар тоқтатылған кезде Тараптар Тапсырыс беруші мен Мердігердің уәкілетті өкілдері қол қоятын жұмысты қайта бастау туралы акт жасайды. Жұмыстарды қайта бастау туралы актілер жұмысты орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде екі данада жасалады.

4.8. Жұмыстарды уақытша тоқтату туралы актілер, сондай-ақ жұмысты қалпына келтіру Актілерін Тапсырыс беруші бекітуі керек.

4.9. (бір) күнтізбелік ай ішінде туындаған жұмысты тоқтату және жұмысты кейіннен қайта бастау фактілері (соның ішінде, жұмыстың аяқталу күнін өзгерту және объектінің жөндеу кестесінің тиісті өзгеруі) жұмысты тоқтата тұру және қайта бастау фактілері болған келесі айдан кешіктірмей шартқа қосымша келісімге сәйкес ресімделуі керек.

4.10. Жұмысты тоқтата тұру фактілері 1 (бір) күнтізбелік ай ішінде туындаған және осы айда жұмысты қайта бастау жасалмаған жағдайда, жұмысты тоқтата тұру туралы қосымша келісім жасалады. Жұмысты орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған және оларды қалпына келтіру кезінде жұмысты қайта бастау туралы қосымша келісім жасалады.





4.11. Тапсырыс беруші жөндеуге қосымша уақыт шеңберін талап ететін форс-мажорлық жағдайлар немесе ол ұсынған ауытқулар болса, сондай-ақ жөндеу барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда жөндеу мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Мердігер міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

5.1.3. Жұмыстардағы жергілікті қамту үлесі туралы ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету. Жергілікті қамті үлесі туралы жалған ақпарат берген жағдайда Мердігер Тәртіпке және шартқа сәйкес жауапты болады.

5.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

5.1.5. Пайдаланылмаған құралдармен және материалдармен, техникалық сертификаттарды қоса, белгіленген мерзімде және оның баға ұсынысына сәйкес жұмыс көлемі мен материалдар тізбесі (келісімшартқа 1, 2 – қосымша), технологиялық нұсқаулар, талаптар, құрылыс нормалары мен жұмыстардың көлемі мен сапасына арналған ережелерге сәйкес жұмысты өз бетінше дұрыс орындау.

5.1.6. Объектіде жұмыс басталғанға дейін 15 күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге сметалық құжаттаманы, объектіні жөндеу бойынша жұмыстардың жекелеген түрлерін орындаудың егжей-тегжейлі күнтізбелік кестесі бар жұмыс жоспарын, сондай-ақ жұмыстарды орындауға қажетті материалдармен, қосалқы бөлшектермен, машиналармен, механизмдермен және құрылғылармен 100 (жүз) пайыздық қамтамасыз етуді жазбаша түрде растауды беру.

5.1.7. Тапсырыс берушіге құжаттаманы шарттың 6.6-тармағында көзделген мөлшерде және мерзімде ұсыну.

5.1.8. Бір күн ішінде Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар ету және одан нұсқау алғанға дейін келесі жағдайлар анықталған жағдайда жұмысты тоқтата тұру: - Тапсырыс берушіге жұмысты орындау әдісі бойынша оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдары; - орындалған жұмыс нәтижелерінің сапасына қауіп төндіретін немесе оларды уақытында аяқтауды мүмкін етпейтін Мердігерге байланысты емес басқа да жағдайлар. Осы тармақшада көзделген мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабардар етпеген немесе ескертуге жауап беру үшін ақылға қонымды уақыттың өтуін күтпеген, жұмысты жалғастырған немесе Тапсырыс берушінің жұмысты тоқтату туралы уақтылы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған Мердігер, Тапсырыс беруші оған немесе ол Тапсырыс берушіге көрсетілген мән-жайларға қатысты тиісті талаптарды ұсынған кезде құқығы жоқ.

5.1.9. Жұмысты қабылдау кезінде және нысанды пайдаланудың кепілдік мерзімі ішінде анықталған Мердігермен жеткізілген жұмыс пен жабдықтың кемшіліктері мен ақауларын уақтылы жою.

5.1.10. Сметалық құжаттамаға сәйкес, белгіленген тәртіппен құрылыс алаңындағы жұмыс кезеңіне коммуникацияларды уақытша қосуды және Тапсырыс берушінің техникалық қызмет көрсету қызметімен келісілген қосылу орындарында жаңадан салынған коммуникацияларды қосуды жүзеге асыру.

5.1.11. Қауіпс жұмыс әдістерін сақтау үшін Мердігердің жауапты өкілдерінің бұйрығымен тағайындау.

5.1.12. Объектідегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жүйесінің сақталуына жауапты болатын және жұмыс уақытында объектіде болуға міндетті болатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджердің бұйрығымен тағайындау. Мұнайдың немесе басқа да экологиялық қауіпті заттардың ағуы салдарынан топырақ пен су ластанған жағдайда, Мердігер ластанған топырақты залалсыздандыруға байланысты барлық шығындарды өз мойнына алады.

5.1.13. Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны оның себептерін көрсете отырып, объектідегі жұмыстарды орындауды тоқтатуды талап етсе, Мердігер бұл адамды 72 сағат ішінде құрылыс алаңынан шығаруға міндетті, содан кейін бұл адамда, шарт бойынша жұмыстарды орындаумен, ешқандай қатынасы болмауы керек.


5.1.14. Қажет болған жағдайда монтаждау кезінде Мердігер жеткізген жабдыққа өндіруші мамандарының болуын қамтамасыз ету.

5.1.15. Аумақ алаңын таза ұстау. Мердігер барлық қажет емес құрылыс материалдарын және барлық құрылыс қалдықтарын жұмыс уақытында ай сайын алаңнан шығаруға міндетті.

5.1.16. Улы емес қалдықтар мен құрылыс қалдықтары полигонын облыстық табиғатты қорғау комитетімен келісу.

5.1.17. Тапсырыс берушіге жұмыс орындалатын немесе шарт бойынша орындалатын орынға немесе кез келген басқа жерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету.

5.1.18. Объектіні жөндеуден тапсыру және қабылдау актісін тіркей отырып, жөнделген объектіні тапсыру және пайдалануға қабылдау





қатысушылардың жұмысын қамтамасыз ету.

5.1.19. Объектіде еңбекті қорғау, өрт және санитарлық қауіпсіздік бойынша барлық қажетті шараларды орындауды, сондай-ақ Мердігердің де, қосалқы Мердігердің же Тапсырыс берушінің талаптарын орындауын қамтамасыз ету.

5.1.20. Шартты орындау шеңберінде жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндерелген болса, сатып алу.

5.1.21. Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптарды орындау және міндеттемелерді орындау.

5.1.22. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген білікті мамандарға орындатуға.

5.1.23. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

5.1.24. Шарттың 7-қосымшасына орай Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелері саласындағы талаптарды сақтау.

5.1.25. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болуға.

5.1.26. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

5.1.27. Тапсырыс берушінің жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы шарттың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы талаптарының талаптарын бұза отырып жұмыс жүргізілген жағдайда Тапсырысшының өтініші бойынша жұмыстарды орындауды, орын алған бұзушылықтар толығымен жойылғанға дейін, тоқтата тұру.

5.1.28. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

5.1.29. Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші бойынша Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері саласындағы талаптарын Мердігердің орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан келтірілген залалдарды өтеу.

5.1.30. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге.

5.1.31. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

5.1.32. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметінің және (немесе) мамандарының өз иелігінде болуына (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді).



5.1.33. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

5.1.34. Өз жұмыскерлерін жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге (мұндай талап Жұмысқа қолданылатын кезде ғана белгіленеді) міндеттенеді.

5.1.35. Қызметкерлерді Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметіне кіріспе оқытуға жіберу.

5.1.36. Өндіріс орнында жол қауіпсіздігі жұмыстарын ұйымдастыру.

5.1.37. Ең аз, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзімде Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде орын алған барлық авариялар, оқыс оқиғалар, Мердігердің табиғатты қорғау заңнамасын бұзу





жағдайлары туралы хабарлауға, анықтауға комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін енгізе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес оларды тексеруді ұйымдастыру.

5.1.38. Оқиғаның себептерін тергеп-тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, тексеру нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен мерзімдерде, оның ішінде Тапсырыс берушінің, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың тергеу комиссиясы өкілдерінің құрамында құжаттама ресімдеу.

5.1.39. Осы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін өз қызметкерлерін (және Мердігер ұйымдардың қызметкерлерін) жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектіде әрекет ететін Тапсырыс берушіден алынған Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері саласындағы ішкі құжаттармен, қауіпсіздіктің алтын ережелерімен таныстыру, қызметтерді көрсету.

5.1.40. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері туралы ақпаратты белгіленген мерзімде ұсыну шарттың «Еңбек қауіпсіздігі туралы ақпарат» 8-қосымшасына сәйкес.

5.1.41. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою.

5.1.42. Тапсырыс берушімен ұйымдастырған белгілеу кеңесіне қатысу.

5.1.43. "KEGOC" АҚ жеткізушілердің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтау (шартқа №9 қосымша).

5.2. Мердігердің:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уактылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

5.2.4. Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуге енгізілгенді уактылы қайтаруды талап етуге;

5.2.5. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

5.2.6. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

5.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыстардың ¼ көлемінен (құнынан) аспайтын қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруге.

5.2.8. Жұмыс басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

5.3.2. Мердігерден Орындалған жұмыстардың актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюға.

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

5.3.4. Мердігерге жұмыстарды орындауға шартта көзделген мөлшерде және тәртіпте көмек көрсету.

5.3.5. Мердігер өкілінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін ішкі құжаттардың көшірмелерін беру. Құжаттардың көшірмесін беру Тапсырыс беруші мен Мердігер өкілінің шарт бойынша құжаттарды қабылдау-тапсыру актісін ресімдеумен жүзеге асырылады.

5.3.6. Мердігерге өзі енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

5.3.7. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

5.4. Тапсырыс беруші құқылы:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





5.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

5.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

5.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

5.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

5.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

5.4.7. Кез келген уақытта жұмыстың барысы мен сапасын тексеріп, ақаулар немесе сапаның нашарлауы анықталса, жұмысты тоқтата тұруды талап ету немесе жіберілген бұзушылықтарды жоюға бағытталған басқа да шараларды қабылдау.

5.4.8. Егер Мердігер шартты орындауға уақтылы кіріспесе немесе жұмысты уақытында аяқтау мүмкін болмайтындай баяу орындаса, Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберіп, шартты біржақты тәртіпте бұзуға және Мердігерге шығынның орнын толтырмауға құқылы.

5.4.9. Егер жұмысты орындау барысында жұмыстың тиісінше орындалмайтыны белгілі болса, Тапсырыс беруші кемшіліктерді жою мерзімін жазбаша түрде белгілеуге құқылы (жұмысты орындау мерзімі өзгеріссіз қалады), ал егер Мердігер осы талапты белгіленген мерзімде орындамаса, Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, біржақты тәртіпте шартты бұзса немесе жұмысты Мердігер есебінен үшінші тұлғаға түзетуді тапсырса, сондай-ақ залалдарды толық өтеуді талап етсе.

5.4.10. Себептерін көрсете отырып, Мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны объектідегі жұмыстарды орындауды тоқтата тұруды талап ету.

5.4.11. Егер Мердігер шартта көзделгендей алаңды таза ұстай алмаса, Тапсырыс беруші шығындарды Мердігер есебінен өз мойнына ала отырып, бұл жұмысты орындауға құқылы.

5.4.12. Мердігердің және Мердігер тартылған үшінші тұлғалардың осы шарттың талаптарын орындауына ішкі бақылауды жүзеге асыру. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің өкілдері мен Мердігердің қызметкерлері қол қойған тексеру актісіне жазылады.

5.4.13. Салдарын барынша азайту мақсатында, Тапсырыс берушінің өндірістік базасында, Мердігердің кінәсінен туындаған қоршаған ортаға зиянды әсердің салдарын оқшаулау және жою жөніндегі жұмыстарға өз қалау бойынша шарт бойынша жұмыстарды орындау процесінде. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіге осындай жұмыстарды орындауға кеткен шығындарды өтейді.

5.4.14. Мердігер Тапсырыс берушінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері саласындағы талаптарын орындамаған жағдайда Мердігерге осы шарт бойынша жұмыстарды орындауға кедергі жасау.

5.4.15. Мердігер жазатайым оқиғаға әкеп соққан еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері саласындағы Тапсырыс берушінің заңнамалық және ішкі құжаттарының талаптарын бұзу туралы түзету әрекеттерін немесе ауызша ескертуді орындамаған жағдайда Тапсырыс берушінің жауапты өкілдері, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанша жұмысты тоқтата тұруға құқылы.


5.4.16. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қабылдау.

5.5. Тапсырыс беруші мен Мердігер, оның ішінде оның өкілдері мен қызметкерлері шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоршаған ортаны қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнаманы, салық салу, коммерциялық құпияны, сонымен қатар Тапсырыс берушінің ішкі ережелері және басқа да құпия акпаратты қорғау толық сақтауға міндеттенеді.

5.6. Шартты орындау аяқталғаннан кейін тараптар міндеттемелердің аяқталуын растайтын салыстыру актісіне екі жақты қол қоя отырып, өзара есеп айырысуларды салыстыруды міндетті түрде жүргізуге міндетті.

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Мердігер объектіні жөндеу аяқталғаннан кейін дереу Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді.





6.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

6.3. Мердігердің объектіні тапсыруға дайын екендігі туралы хабарламасын алған Тапсырыс беруші күнтізбелік 5 күн ішінде қабылдауға кірісуге міндетті, оның нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші мен Мердігер шартқа 5-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні жөндеуден өткізу-қабылдау актісін ресімдейді. Қажет болған жағдайда осы актіге уәкілетті органдардың өкілдері қосымша қол қояды. Тапсырыс беруші жұмыс нәтижелерін қабылдауды өз қаражаты есебінен ұйымдастырады және қажет болған жағдайда уәкілетті органдардың өкілдерін шақырады.

6.4. Тапсырыс беруші Мердігердің қатысуымен жөндеуден өткен объектіні қабылдау сынақтарын жүргізуге құқылы, оның нәтижелері бойынша тараптар қабылдау сынағының хаттамаларын және/немесе техникалық актілерді жасайды.

6.5. Тапсырыс беруші кемшіліктер немесе ақаулар анықталған жағдайда жұмыс нәтижелерін қабылдаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Мердігер анықталған ақауларды өз қаражаты есебінен жоюға және жөнделген объектілерді пайдалануға қабылдау мен пайдалануға қабылдауға қатысушылардың қабылдауына беруге міндетті.

6.6. Мердігер нысанды жөндеуден қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге ілеспе хатпен келесі құжаттарды ұсынуға міндетті: электрондық шот-фактура және Мердігер жүргізген жөндеуден электр желісі объектісін қабылдау-тапсыру актінің түпнұсқалары (шартқа 4-қосымша), аяқтау туралы күәлік (шартқа 5-қосымша), жөнделген, реконструкцияланған (жаңартылған) негізгі құралдарды қабылдау-тапсыру актісі (шартқа 6-қосымша), шарттың 6.4-тармағында көзделген жағдайларда, сондай-ақ қабылдау сынақтарының және/немесе техникалық актілердің хаттамалары.

6.7. Шарттың 6.6- тармағында көзделген құжаттардың толық емес немесе тиісінше ресімделмеген пакетін алған кезде Тапсырыс беруші 3 жұмыс күні ішінде Мердігерге ұсынылған құжаттамаға жазбаша түрде ескертулер береді, оны Мердігер 5 жұмыс күні ішінде жоюға міндетті. 5 жұмыс күнінен асатын ескертілерді жою уақыты құжаттаманы беру мерзімін кешіктіру болып табылады.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Жөндеуден шығарылған объектіні пайдаланудың кепілдік мерзімі тараптардың уәкілетті тұлғалары объектіні жөндеуден қабылдау актісіне қол қойған күннен бастап 36 айды құрайды.

7.2. Сапа кепілдігі Мердігер шарт талаптарына сәйкес жеткізген элементтерге қолданылады.

7.3. Мердігер кепілдік мерзімі ішінде жұмыс көлемінің тізбесінде көзделген жұмыс көлемінде анықталған ақаулардың орындалуына кепілдік береді.

7.4. Мердігер Тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізілетін материалдардың, жабдықтардың және қосалқы бөлшектердің сапалы және техникалық шарттарға сәйкестігіне, жұмыстың ақаусыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделмеген және рұқсат етілмеген өзгертулері бар жұмыстар ақаулы деп танылады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер материалдардың сапасын куәландыратын құжаттарды ұсынуға міндетті. Мердігер кепілдіктері дұрыс пайдаланбау, Мердігерден басқа өзгертулер, дұрыс емес техникалық қызмет көрсету немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету немесе қалыпты пайдалану кезінде жабдықтың рұқсат етілген тозуы немесе зақымдануы салдарынан болған зақымдану немесе ақауды жөндеуді қамтымайды. Дәлелдеу міндеті Мердігерге жүктеледі.

7.5. Мердігердің шарт бойынша жұмысының нәтижесі стандартталған параметрлері бар толық жұмыс істейтін объектіні Тапсырыс берушіге беру болып табылады. Егер кепілдік мерзімі ішінде Мердігердің кінәлі әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан ақаулар немесе жабдықтың істен шығуы анықталса, тараптар анықталған ақаулар туралы оларды жою мерзімдерін көрсете отырып акт жасайды. Мердігер ақаулардың анықталғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін 7 күн ішінде келмеген жағдайда Тапсырыс беруші анықталған кемшіліктерге біржақты акт жасайды. Ақауларды жою мерзімін Тапсырыс беруші дербес белгілейді.

7.6. Тапсырыс беруші анықталған ақаулар туралы Мердігерге ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, жазбаша хабарлайды.


7.7. Ақаулар туралы хабарламаны алған Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде кемшіліктерді жоюға міндетті.

7.8. Мердігер кепілдік мерзімінде анықталған кемшіліктерді өз материалдық және қаржылық ресурстары есебінен жоюға міндетті.

7.9. Егер кепілдік мерзімі ішінде жұмыста ақаулар немесе олардың шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде өз қаражаты есебінен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді. Жұмыстағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстағы кемшіліктерді жою бойынша барлық шығындарды Мердігер көтереді.

7.10. Мердігердің кінәсінен туындаған ақаулар анықталған жағдайда, шарттың 7.1-тармағында көзделген объектіні пайдаланудың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған кезден бастап қайта есептеледі.

7.11. Мердігер стандартталған параметрлердің тұрықтылығына және бүкіл кепілдік мерзімі ішінде нысанды пайдалану мүмкіндігіне кепілдік береді.





7.12. Мердігер, егер шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес жұмыс сапасының сәйкес келмеуі үшін жауапты болады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынаң 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

